

**Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Конгресс Холл
көпсалалы кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы оқыту іс-
шараларын өткізу және барлық бөлімдерде ішкі талдау бойынша
түсіндірме жұмыстарын жүргізу»**

ХАТТАМАСЫ № 1

12.03.2025 ж.
Жиналыс залы

Түркістан қаласы
сағат- 10:00

Жиналыс төрағасы: Ж.Аманкелдиева-директор орынбасары.
Хатшы: А.Еспан

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы Заңы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның кодексі бойынша тиісті шаралар туралы жиналыс өткізілді. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның директор орынбасары Ж.Аманкелдиева төрағалық етіп барлық қызметкерлерге түсіндіру шаралары өткізілді.

Жиналыс төрағасы: Ж.Аманкелдиева жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-ның

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңының 16-бабы 3 тармақшасы);»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бойынша 2019 жылғы 18-қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабында көзделген. Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары.

1. Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту:

- 1) Шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- 2) Адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;
- 3) Мүдделер қақтығыстарын болғызбау;
- 4) Іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
- 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;

- 6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.

24-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау

1. Дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие адам бұл туралы жоғары тұрған басшыға және (немесе) мемлекеттік органның не өзі жұмыскері болып табылатын ұйымның басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар береді.

2. Жоғары тұрған басшы, мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түскен хабар бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қабылдауға міндетті.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгені түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы Заңға сәйкес мемлекеттік қорғауында болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көтермеленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болатын адамдарға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің көтермелеу бөлігіндегі ережелері:

1) жедел-ізвестіру немесе қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органмен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпия негізде ынтымақтасатын адамға;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, оның жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге жәрдем көрсеткен, ол бойынша орындаушы немесе сыбайлас қатысушы болып табылған адамға қолданылмайды.

3-1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, оның жолын кесу ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де жәрдемдесуді қамтиды.

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлау немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беру немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, оның жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де жәрдем көрсету мақсатында адамның өзі жұмыскері болып табылатын (болған) мемлекеттік органның не ұйымның жоғары тұрған басшысына және (немесе) басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуі туралы ақпарат көрсетілген ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасалған жағдайда құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алған жағдайда ҚР Қылмыстық Кодексінің 189,190,218,249,361,362,364,365,366,367,368,369,370,450,451,452 баптарына сәйкес жазаға тартылады. Оның ішінде аялақтық, бөтен мүлікті иемденіп алу пара алу пара беру сияқты көптеген Заң бұзушылықтар.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы осы Кодекстен тұрады.

2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді.

2-1. Осы Кодекске өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздемейтін заңмен жүзеге асырылады.

Бұл ереже әкімшілік жауаптылықты алып тастау жағдайларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобаларына қолданылмайды.

3. Әкімшілік-деликтік құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың құрамдас бөлігі болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығаруды талап ету туындайтын жағдайлардан басқа кезде, тікелей қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында

көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

367-бап. Пара беру

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет —

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) ірі мөлшерде;

3) бірнеше рет жасалса, —

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның отыз еселенгеннен қырық еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса немесе оларды қылмыстың топ жасаса, —

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның қырық еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны екпінді айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйлықты бірінші рет беру, егер осы адам жасаған әрекеттер (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластықпен байланысты болмаса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2. Пара берген адам, егер оған қатысты осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адам тарапынан параны қорқытып алу орын алған болса немесе егер осы адам пара бергені туралы құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Аманкелдиева

Хатшы:

А.Еспан

